динамическую систему представлений человека о самом себе. Английский психолог Р. Берне в книге «Развитие Я-концепции и воспитание» определяет Я-концепцию как «совокупность всех представлений индивида о себе, сопряженную с их оценкой». Я-концепция возникает у человека в процессе социального взаимодействия как неизбежный и всегда уникальный результат психического развития, как относительно устойчивое и в то же время подверженное внутренним изменениям и колебаниям психическое приобретение. Первоначальная зависимость Я-концепции от внешних влияний бесспорна, но в дальнейшем она играет самостоятельную роль в жизни каждого человека. Окружающий мир, представления о других людях воспринимаются нами сквозь призму Я-концепции, формирующейся в процессе социализации, но имеющей и определенные соматические, индивидуально-биологические детерминанты. В системе взаимосвязей человека с окружающими людьми и миром ему приходится выступать в разных качествах, разных ролях, быть субъектом самых разнообразных видов деятельности. Из каждого взаимодействия с миром вещей и миром людей человек «выносит» образ своего «Я». В процессе самоанализа, расчленения отдельных конкретных образов своего «Я» на составляющие их образования происходит как бы внутреннее обсуждение с самим собой своей личности. Каждый раз в результате самоанализа, по словам С.Л.Рубинштейна, образ своего «Я» «включается во все новые связи и в силу этого выступает во все новых качествах, которые фиксируются в новых понятиях...». Так постепенно возникает обобщенный образ своего «Я», который представляет собой сложную совокупность многих единичных конкретных образов «Я», сложившихся в ходе самовосприятия, самонаблюдения и самоанализа. Этот обобщенный образ своего «Я», возникая из отдельных ситуативных образов, содержит общие, характерные черты и представления о своей сущности и выражается в понятии о себе, или Я-концепции. В отличие от ситуативных образов Я-концепция создает у человека ощущение своей самотождественности. Сформировавшаяся в процессе самопознания Я-концепция не есть нечто раз и навсегда данное, застывшее, ей присуще постоянное внутреннее движение. Ее зрелость, адекватность проверяется и корректируется практикой. Я-концепция в значительной степени влияет на весь строй психики, мировосприятие в целом, обуславливает основную линию поведения человека.

Самооценка — достаточно сложное образование человеческой психики. Она возникает на основе обобщающей работы процессов самосознания, которая проходит различные этапы, и находится на разных уровнях развития в ходе становления самой личности. Поэтому самооценка постоянно изменяется, совершенствуется. Процесс становления самооценки не может быть конечным, поскольку сама личность постоянно развивается, а следовательно, меняются и ее представления о себе и отношение к себе. Источником оценочных представлений индивида о себе является его социокультурное окружение, в том

числе социальные реакции на какие-то проявления его личности, а также результаты самонаблюдения.

По мнению Р.Бернса, есть три момента, существенных для понимания самооценки. Во-первых, важную роль в ее формировании играет сопоставление образа реального «Я» с образом идеального «Я»: чем меньше разрыв между реальным представлением человека о себе и его идеальным «Я», тем выше самооценка личности.

Во-вторых, важный фактор для формирования самооценки связан с тем, как, по мнению человека, его оценивают другие. Наконец, в-третьих, на формирование самооценки существенное влияние оказывают реальные достижения личности в самых разнообразных видах деятельности: чем значительнее успехи личности в том или ином виде деятельности, тем выше ее самооценка. Самооценка характеризуется по следующим параметрам: уровень (высокая, средняя и низкая); соотношение с реальной успешностью (адекватная и неадекватная, или завышенная и заниженная); особенности строения (конфликтная и бесконфликтная).

Пониженная самооценка проявляется в постоянном стремлении недооценивать собственные возможности, способности и достижения, в тревожности, боязни отрицательного мнения о себе, ранимости, побуждающей человека сокращать контакты с другими людьми. В этом случае страх самораскрытия ограничивает глубину и близость общения. Люди с пониженной самооценкой подчас недоверчиво и недоброжелательно относятся к другим людям. Адекватная самооценка отражает реальный взгляд личности на саму себя, ее достаточно объективную оценку собственных способностей, свойств и качеств.

Для развития личности эффективным является такой характер самоотношения, когда достаточно высокая общая самооценка сочетается с адекватными, дифференцированными парциальными самооценками разного уровня. Устойчивая и вместе с тем достаточно гибкая самооценка (которая при необходимости может меняться под влиянием новой информации, приобретения опыта, оценок окружающих и т.п.) является оптимальной как для развития, так и для продуктивности деятельности. Отрицательное влияние оказывает чрезмерно устойчивая, ригидная самооценка, а также и сильно колеблющаяся, неустойчивая.

Важнейшей функцией Я- концепции является обеспечение внутренней согласованности личности, относительной устойчивости ее поведения. Если новый опыт, полученный индивидом, согласуется с существующими представлениями о себе, он легко ассимилируется, входит в Я-концепцию. Если же новый опыт не вписывается в существующие представления о себе, противоречит уже имеющейся Я-концепции, то срабатывают механизмы психологической защиты, которые помогают личности тенденциозно интерпретировать травмирующий опыт либо отрицать его. Это позволяет удерживать Я-концепцию в уравновешенном состоянии, даже если реальные

факты ставят ее под угрозу. Первым был описан защитный механизм вытеснения. Механизм вытеснения занимает особое место в теории психоанализа. Описываемое иногда как «мотивированное забывание», вытеснение представляет собой процесс исключения из сознания мыслей и чувств, причиняющих страдания. Однако освобождение от тревог путем вытеснения не проходит бесследно. 3. Фрейд считал, что вытесненные мысли и импульсы не теряют своей активности в бессознательном и для предотвращения их прорыва в сознание требуется постоянная трата психической энергии. Стремление вытесненного материала к открытому выражению может получать кратковременное удовлетворение в сновидениях, шутках, оговорках и других проявлениях того, что Фрейд называл «психопатологией обыденной жизни». Другой защитный механизм — отрицание — выражается в бессознательном отказе допустить существование определенных событий, переживаний и ощущений, которые причинили бы человеку боль при их признании. Это относится, например, к человеку, который «знает», что он неизлечимо болен, но продолжает при этом заниматься прежней работой, избегая всяческих разговоров о своей болезни и строя долгосрочные планы. Человек, для которого отрицание является фундаментальной защитой, всегда настаивает на том, что «все прекрасно и все к лучшему».

Проекция — это процесс, в результате которого внутреннее ошибочно воспринимается как приходящее извне, т.е. посредством проекции индивид приписывает собственные неприемлемые мысли, установки, желания другим людям. Очевидным путем защиты от тревоги, связанной с неудачей или виной, является возложение вины на другого. Человек не осознает свои враждебные импульсы, но видит их в других и поэтому считает других ненавидящими и преследующими его.

Каждый раз в результате самоанализа, по словам С.Л.Рубинштейна, образ своего «Я» «включается во все новые связи и в силу этого выступает во все новых качествах, которые фиксируются в новых понятиях...».

Так постепенно возникает обобщенный образ своего «Я», который представляет собой сложную совокупность многих единичных конкретных образов «Я», сложившихся в ходе самовосприятия, самонаблюдения и самоанализа. Изучение индивидуальности требует рассмотрения ее как многомерной системы, развитие и формирование которой подчиняется определенным законам. Важным индикатором человеческой индивидуальности является активность созидающей, творческой деятельности человека. Одно из возможных проявлений активности индивидуальности — поступки человека. Это могут быть поступки гражданского характера (отражающие отношение человека к своему долгу гражданина), коммуникативные (отражающие отношения в сфере общения), трудовые (в форме различного рода профессиональных действий). «Вызревание» поступков происходит в сфере переживаний личности, в результате активной внутренней работы. Во всех

случаях индивидуальность представляет источник саморазвития человека, делает его относительно независимым от случайных влияний внешней среды. Критерием сформированности индивидуальности является вклад человека в материальную и духовную культуру своего общества и человечества, т.е. неповторимый вклад личности в общественное развитие. В основывающейся на экзистенциализме гуманистической психологии личности (А.Маслоу, К.Роджерс) самоосуществление индивидуальности рассматривается как неповторимое единичное проявление мира человека.

Список литературы:

- 1 Роджер К. «Становление личности» М; 2001г.
- 2 Маслоу А. «Мотивация и личность» СПб, 1993г.

ТҮЙІН

Бұл мақала жеке тұлғаның структурасы мен оның көрнектілігі баяндалады.

RESUME

This article is about the structure of the person and as main components.

ӘӨЖ: 13:34, 08:[37;03:]502+34

БОЛАШАҚ ЗАҢҒЕРЛЕРДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Молдалиев М.С. – п.ғ.к., доцент, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы

Данияров Т.Ә. – п.ғ.к., доцент, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы

Есенжолова А.Н. – Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистр оқытушысы

Андатпа

Бұл мақалада болашақ заңгерлердің экологиялық-құқықтық мәдениетін оқу-тәрбие үдерісінде қалыптастырудың теориялық негіздері болашақ заңгерлердің экологиялық-құқықтық мәдениетін оқу-тәрбие үдерісінде қалыптастырудың теориялық негіздері туралы баяндалады.

Кілт сөздер: болашақ заңгер, экологиялық-құқықтық мәдениет, әдістеме, жүйе, қоғам, заң, инновация, табиғат, мәселе, мамандар.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев 2014 жылғы 17-ші қаңтардағы жолдауында алдағы онжылдықтарда біз қазірдің өзінде біліп отырған сын-қатерлер, жаһандық нарық пен әлемдік саясаттағы болжаусыз жағдайлар, жаңа дағдарыстар аз кездеспейтіндігін, ХХІ ғасырда «жеңіл-желпі жүріп өту» деген болмайтындығын, әлемнің дамыған елдері соған сай нақты стратегияларын дайындап жатқандығына және республикадағы әлеуметтік, саяси-мәдени жағдайларға кеңінен талдау жасап, болашақ кәсіби мамандарды даярлау үдерісінде кәсіптік білім берудің *көкейкесті* мәселелердің бірі екенін атап көрсетті [1].

Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасында қарастырылған мәселелер (ғаламдық экологиялық проблемалар, қоғамды экологияландыру, экологиялық білім мен тәрбие берудің инновациялық тетіктерін мемлекеттің білім беру жүйесіне енгізу т.б.) бойынша қабылданған шешімдер нәтижеге бағытталған білім мазмұнын жүзеге асыру арқылы құқықтану бағытында кәсіби білім негіздерін меңгерген маман тұлғасын қалыптастыру проблемасын қарастырып отыр [2].

Педагогикалық теория мен практикаға жасалған талдау нәтижесі бүгінгі күнге дейін оқу-тәрбие үдерісінде болашақ заңгерлердің экологиялық-құқықтық мәдениетін қалыптастыру мақсатында зерттелмегенін айғақтайды.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы бірқатар әлеуметтік құбылыстарды бастан өткеруде. Бұл заңды да, өйткені тарихта әрбір қоғамдық дәуір өзіне тән саяси экономикалық, рухани әлеуметтік мәдениет деңгейін бастан кешіреді. Осыған байланысты білім, сана, әлеуметтік көзқарас, адамгершілік пен өнеге мәселелері үнемі басты назарда болып, дамып отырады. Дәуір тынысы жаңа қоғамдық қатынастар арнасында реформалық сипатта болғанымен, ескі мен жаңаның үйлесімін, бірізділігі мен сәйкестігін талап етеді. Демек, бұл құбылыс бүгінде өзінің тиімді жалғасын табуда. Еліміздегі құқық қорғау органдарына кешенді талаптар қойылып, заңгерлердің Отанға, ел жағдайына, саяси және құқықтық процестерге, табиғатты қорғауға деген көзқарасы мен қатынасын, кәсіби деңгейлерінің орнықтылығын қалыптастыру бойынша іс-шаралар жүзеге асырылып жатыр. Әлеуметтік жағдай да қолға алынып, білім беру саласын дамытуға ерекше назар аударылуда. «Ұрпағы білімді халықтың, болашағы бұлыңғыр болмайды» деген түсінікпен үкімет болашақ мамандарға сапалы кәсіби білім беру мақсатында талаптарды күшейтуде. Әсіресе болашақ заңгерлердің кәсіби даярлығына, кәсіби мәдениетіне, соның ішінде экологиялық-құқықтық мәдениетінің қалыптастыруына аса назар аударып отыр. Бұл өте өзекті мәселе, өйткені табиғаттан тыс адам әрекетінің болуы мүмкін емес. Қоғам цивилизациясының деңгейі қоршаған ортаның табиғи мүмкіндіктерін дұрыс пайдалана білу дәрежесімен өлшенеді. Олай болса, адамзат проблемасының ең басты мәселесінің бірі әрбір адамның алдымен технологиялық ойлау мен білімді игерудің ғылыми-теориялық негіздерін түсіну

қажет.

Қазақстанда демократиялық, құқықтық, әлеуметтік және зайырлы мемлекет құруда болашақ заңгерлерді кәсіби даярлаудың алатын орны ерекше.

Тарихта әрбір қоғамдық дәуір өзіне тән саяси экономикалық, рухани әлеуметтік мәдениет деңгейін бастан кешіргені мәлім. Осыған байланысты білім, сана, әлеуметтік көзқарас, адамгершілік пен өнеге мәселелері үнемі басты назарда болып, дамып отырды. Дәуір тынысы жаңа қоғамдық қатынастар арнасында реформалық сипатта болғанымен, ескі мен жаңаның үйлесімін, бірізділігі мен сәйкестігін талап етеді.

Табиғат пен қоғамдағы құбылыстар мен заттардың жалпы өзара байланысы және бір-бірімен тікелей байланыстылығы туралы диалектиканың заңы экологиялық білім алудың теориялық негізі болып саналады. Бұл заң бойынша табиғат пен қоғамдағы бірде-бір құбылыс не зат басқа бір құбылыстар мен денелердің әсерінсіз ешбір өзгеріске ұшырамайды. Әрбір құбылыс немесе зат табиғаттағы бүтін тұтастығын бір бөлігі ретінде қарастырылады. Мұны Маркс К. Пен Ф.Энгельс өздерінің "Табиғат диалектикасы" деген еңбектерінде былай деп ашып көрсеткен: "Табиғатта ешнәрсе өздігінше жеке дара оқшауланып тұрмайды. Әрбір құбылыс басқа бір құбылысқа әсер етеді және керісінше әсерлеседі. Осындай жан-жақты қозғалыстың және өзара әсерлесудің нәтижесінде, көптеген жағдайларда, өте айқын байқалатын қарапайым заттардың өзін біздер көре алмайтын жағдайға ұшыраймыз" [3].

Табиғат пен қоғамның өзара әрекеттесуі, көбінесе, табиғаттағы өзара байланыстылықтың негізінде жүзеге асырылады. Бұл заңдылықты түсініп ескергенде ғана табиғаттың қоғамға, қоғамның табиғи ортаға әсер ету үдерісін ғылыми тұрғыда дұрыс бағалауға болады. Табиғат пен қоғамдағы заттардың, құбылыстардың өзара байланыстағы сандық және сапалық ерекшеліктеріне қатысты табиғатты қорғау жұмыстарының сипаты, принципі, әдісі айқындалады. Материалистердің пікірінше, адам өзінің еркімен санасына байланыссыз орындалатын осындай табиғи өзара тәуелділік заңын білсе, онда ол өзін табиғаттың иесі деп санауына болады.

Мысалы, экология ғылымының қоршаған ортаның тазалығын сақтау туралы ғылым екеніне ешкімнің таласы жоқ, бірақ бұл анықтама емес. Экология ғылымының анықтамасы - қоршаған ортаның тазалығын сақтаудың формуласы түрінде болуы қажет сияқты, сондықтан бұл анықтамада экология проблемаларын жан-жақты шешетін, негізгі нақты түйіні көрсетілуі тиіс. Сонымен бірге, экология ғылымы, қоршаған ортаның ластануын болдырмайтын тәсілдерін көрсетуі қажет.

Белгілі аумақтағы экологиялық апат, немесе, қоршаған ортаның тазалығының бұзылуы туралы мәліметтерді жиі естіп жатамыз. Неліктен бұлай болды? Себебі неде? Мұндай апатты болдырмауға болар ма еді? Міне, экология ғылымы осы сұрақтарға толық жауап беруі тиіс.

Егер, жоғарыда көрсетілген экологиялық проблемалардың биосферада орын алу себептерін қарастыратын болсақ, онда мынадай тұжырымға келеміз.

Экологиялық проблемалардың болуы, сол аумақтағы химиялық, биологиялық және басқа да тепе-теңдіктердің бұзылуы, әртүрлі экологиялық проблемалардың негізі болып табылады. Егер назар аударсақ, кезкелген аумақта химиялық, биологиялық және басқа да тепе-теңдіктер сақталса, ол жерде экологиялық проблема болмайды және болуы да мүмкін емес. Осы ойлардың негізінде, профессор А.Баешов өз анықтамасын былай тұжырымдайды. Экология – биосферадағы тепе-теңдікті жан-жақты қарастыратын, оның бұзылуының себептерін болжайтын және анықтайтын, сонымен қатар тепе-теңдіктен ауытқудың, қоршаған ортаға әсерін зерттейтін ғылым саласы [4].

Ал, біздің пайымдауымызда экология табиғатты пайдаланудың және қорғаудың ғылыми-теориялық негізі.

Бүгінгі педагогика саласындағы зерттеулер ғылым мен мәдениетті кәсіптік білім беру теориясы мен әдістемесінің негізі ретінде қарастырады. Біз олардың көзқарастарын жүйелей отырып, кәсіби мамандардың жоғары дәрежедегі іс-әрекеттері *біріншіден*, оның кәсіби мәдениеттілігіне, *екіншіден*, оның кәсіптік білім алуына, қазіргі мәдениетке сай өмір сүруіне, тәрбиеленуіне, *үшіншіден*, қазіргі бәсекеге қабілетті, ойлау жүйесі жетілген, өзіндік пікірі бар, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасай алатын, мәдениетті тұлға болып қалыптасуына, *төртіншіден*, рухани адамгершілік сезімінің қалыптасуына және әлем мен отандық мәдениетке бейімделуіне байланысты деп ой тұжырымдаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауы. 17 қаңтар. Астана, 2014.

2 Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы. ҚР Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі №448 Жарлығымен бекітілген. Заң актілерінің жиынтығы. - Алматы: Юрист, 2004. -Б. 57-72.

3 Маркс К., Энгельс Ф. Соч. 2-е изд. – Т. 20. -С. 185-186.

4 Экология негіздері. Оқулық / Баешов А., Дәрібаев Ж.Е. Шакиров Б.С. және т.б. –Түркістан: ХҚТУ, 2000. -113 б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье докладывается теоретическая основа формирования экологически-правовой культуры учебно-воспитательного процесса будущих юристов.

SUMMARY

In this article the theoretical basis of formation of ecological and legal culture of teaching and educational process of future lawyers is rocess of future lawyers

ӘӨЖ: 13:34, 08:[37;03:]502+34

ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ БОЛАШАҚ ЗАҢҒЕРЛЕРДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МОДЕЛІ

Молдалиев М.С. – п.ғ.к., доцент, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы

Есенжолова А.Н. – Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистр оқытушысы

Жамшаева Ж.Т. – Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистр оқытушысы

Андатпа

Бұл мақалада оқу-тәрбие үдерісінде болашақ заңгерлердің экологиялық-құқықтық мәдениетін қалыптастырудың теориялық моделі туралы баяндалады.

Кілт сөздер: Мәдениет, іс-әрекет, болашақ заңгер, экологиялық-құқықтық мәдениет, мемлекет, халық, инновация, ұғым, педагогика, тәрбие.

Егемендік алған соңғы 22 жыл ішінде жоғары оқу орындарының саны тез өскенімен, жалпылай алғанда көпшілігінің материалдық-техникалық, кадрлық, оқу-әдістемелік базасы әлі де шешімін күткен мәселе болуда. Университеттердің оқу жоспарына жаңа пәндер кіргенімен, олар қажетті мөлшерде типтік бағдарламамен және тұрақты оқу құралдарымен толық жабдықталмаған. Кейбір мамандықтар бойынша мемлекеттік тілде оқулықтардың және ғылыми-әдістемелік әдебиеттердің тапшылығы байқалады. Соңғы жылдары құқық саласының мамандықтары аса қажетті мамандықтар қатарынан орын ала алмай келгені бәрімізге белгілі. Енді міне, экономика мен өндіріс дамуының өрлеуіне және аталған мамандықтарға бөлінген грант пен несие санының өсуіне байланысты жағдай мүлде өзгерді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған “Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ” атты жолдауында: “...Бүгінде Отанымыздың жетістіктері – әрбір азаматтың ұлттық мақтанышы. Күшті, қуатты мемлекеттер ғана ұзақмерзімдік жоспарлаумен, тұрақты экономикалық өсумен айналысады. «Қазақстан-2050» Стратегиясы – барлық саланы қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы”- деп атап көрсетті. Республика халқы мен жас азаматтарын Қазақстан өркениетті мемлекеттер қатарында болуы үшін оқуда белсенді және өздеріне сенімді болуға шақырып, мемлекет азаматтарының білім деңгейі мен тәрбиелік сипаты әлемдік мәдениетке сай болу керектігін атап көрсетті.

Қазақстан Республикасы Президентінің бағдарламасы бойынша мемлекеттің азамат тұлғасын қалыптастырушы құрал – тәрбие болып табылады [1].

Педагогика ғылымында тәрбие мәселесін көптеген ғалымдар зерттеп, оған әртүрлі түсініктер мен ұғымдар берген. Бұл ұғымдар негізгі үш мағынада беріледі: жеке тұлғаның бойындағы жалпылық немесе жеке қасиеттерін қалыптастыруды қоғам талабына сай келетіндей етіп жүйелі басқару; тұлғаның жеке басының тәртібінің, іс-әрекеттерінің, қасиеттерінің, санасы мен өмірге деген көзқарастарының қалыптасып, дамуына әсер ету; тәрбиені жеке тұлғаның жан-жақты дамуына әсер етуші күш ретінде пайдалану.

Жоғарыда көрсетілген ұғымдарды ескере келе тәрбиеге мынандай түсінік беруге тура келеді. Тәрбие – бұл жан-жақты білімді, білікті, саналы, сондай-ақ мәдениетті, өз Отанын сүйетін, елінің қамын ойлайтын, қоғамның дамуына зор ықпал ететін мемлекеттің үлгілі азаматы тұлғасын қалыптастырып, дамыту мақсатында жүргізілетін жүйелі және жоспарлы іс-әрекет.

Бес арыстың бірі - Мағжан Жұмабаев “Педагогика” атты еңбегінде былай дейді: “... қысқасынан айтқанда, тәрбиеден мақсұт – адам деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару” [2]. Яғни мұнда ол үлгілі азамат тәрбиелеу мәселесін қозғаған. М.Жұмабаевтың пікірінше адамның мінез-құлқын дамытуға оны қоршаған адамдардың, жанұя мен мектептің, сондай-ақ баланың мінез-құлқын тәрбиелеу жөнінде жүргізілетін іс-шаралардың әсері зор.

Жалпы тәрбие жүйесінде елеулі орынға ие болатын тәрбиенің бір саласы - құқықтық тәрбие. Жеке тұлғаны құқықтық тәрбиеге баулу арқылы оның заңды сыйлау, ұғыну, құқықтық білімін, сондай-ақ құқықтық санасы мен мәдениетін жоғары дәрежеде дамыту мүмкіндіктері қарастырылады.

Республикамыз егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болып жарияланғаннан бергі өзекті мәселелердің бірі – нағыз азамат тәрбиелеу болып табылады. Кез келген мемлекет азаматы міндетті түрде өзінің құқығы мен бостандығын, міндеттерін біліп, оларды бұлжытпай орындап, заң нормаларына қайшы келмейтін әрекеттерге баруы арқылы олардың құқықтық тұлғасы қалыптасады. Осы мақсатты негізге ала отырып оқушылардың мектеп табалдырығынан бастап дұрыс құқықтық білім алуы мақсатында жарық көрген “Мемлекет және құқық негіздері” оқулығының авторы Ғ.С.Сапарғалиевтің еңбегі зор [3]. Қазақ заңгерлерінің ҚР-сы мемлекет және құқық теориясын, тарихын, конституциялық құқығын зерттеп, ғылыми еңбектер шығаруы арқылы Республика азаматтарының құқықтық білімділігі мен тәртібінің деңгейін көтеру мәселелерін бірінші орынға қояды. Бұл заңгер ғалымдар З.К.Аюпова, С.Б.Бейсебаева, С.З.Зиманов және т.б. еңбектерінде қарастырылған [4,5,6].

Экологиялық-құқықтық білім беру саласында орындалған зерттеулер «экологиялық-құқықтық мәдениет», «экологиялық-құқықтық білім беру», «экологиялық-құқықтық жауаптылық», «экологиялық-құқықтық сана» түсініктерінің ғылымда да өмірде де маңыздылығын кеңінен дәлелдейді.

Жоғары оқу орындарында экологиялық-құқықтық білімнің қалыптасуы ХХ ғасырдың 1970-жылдарынан бастап барынша қарқынмен жүргізілді. Бұл экологиялық-құқықтық білімнің қалыптасуы жөнінде жарияланған оқу құралдарының санымен дәлелденеді, материалдың көп жиналуы және негізгі басты ғылыми мектеп өкілдері көзқарастары, табиғатты құқықтық қорғау жүйесінің бағыттары бойынша бірігуі үдерісінің жүруімен сипатталады. Оның айқын көрінісіне 1976 жылы «КСРО-да табиғатты құқықтық қорғау» оқу құралының басылып шығуы дәлел болады. Бұл оқу құралы экологиялық-құқық бойынша алғашқы оқу-әдістемелік құрал болып табылды және барлық жоғары құқықтық білім беретін оқу орындарында ғылыми түрде мойындалып, кеңінен таралды. Бұл оқу құралының авторлық ұжымына барлық басты экологиялық-құқықтық мәселелермен айналысатын оқу орындары мен ғылыми орталықтардың көшбасшылары енді. Осы аталған кезеңде шыққан бірқатар еңбектердің қатарында «Шығыс Еуропа елдерінде қоршаған табиғи ортаны құқықтық қорғау» атты оқу құралы оқшау тұр. Бұл оқу құралында Болгария, Венгрия, Германия, Польша, Румыния, бұрынғы КСРО, Чехия мен Словакия және Югославияның заңдары бойынша қоршаған табиғи ортаны қорғауға салыстырмалы-құқықтық талдау жасалынған деп орындалған жұмыстарды жүйеге келтіріп, жан-жақты сипаттама беруге мүмкіндік туғызды.

Қазіргі таңда экологиялық-құқықтық мәдениетті қалыптастыру болашақ заңгерлер үшін қоғам тіршілігінің маңызды элементі болып саналады. Бұл мәселе болашақ мамандық иелерін табиғатты қорғау мен экологиялық мәселелердің шешімін табудағы белсенділікті нақты жағдайларда танытуға міндеттейді.

Ғылыми-техникалық прогрестің күрт дамуы барысында ірі өндірістік калаларда автокөліктердің санының өсуінен, атмосфера және озон қабатына улы газдардың мол бөлінуінен, ірі елді мекендерде таза ауыз су тапшылығынан адамның денсаулығына залал келуде. Қазіргі кездегі қоршаған ортаның радиациялық, химиялық, биологиялық ластануы әлемдік деңгейде адам баласы мен тіршілік дүниесіне қауіп төндіруде. Жер шарындағы халық санының жедел өсуі мен ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуы адам мен қоғамның қоршаған ортамен қарым-қатынасын күрделендіріп жіберді.

Еліміздегі Арал апаты жаһандық сипат алып, оның зиянды әсері қазірдің өзінде көптеген мемлекеттерде байқалуда. Сондықтан АҚШ, Жапония, т.б. мемлекеттер Аралды құтқаруға байланысты шараларға қатысуға келісімдерін беріп отыр.

Адамзат әр уақытта табиғатқа бағынышты болып, оның ресурстарын өз кежіттілігіне жұмсап келген. Сонымен бірге адамдарда үнемі табиғатты “бағындыру” арманы болған. Қалай болғанда да адамның табиғатқа, табиғи ортаға деген көзқарасы болашақ ұрпақ мүддесі үшін тиімділікті, саналылықты керек ететін көзқараспен ұштаса жүруі қажет. Табиғат ресурстарына баю мен пайда табу көзі ретінде қарамау керек. Аз уақыттық табысқа бола оларды ретсіз жұмсауға, қоршаған ортаны адамдар мен барлық тіршілік үшін зиянды

қалдықтармен лақтауға болмайды. Ғылыми-техникалық прогресс адамдарды табиғи ортаға әсер етудің ауқымды мүмкіндіктерімен және құралдарымен жарақтандырып қана қоймай, сонымен бірге бұл ортаны сақтау мен қалпына келтірудің тәсілдері мен жолдарын көрсетіп беруде. Адам баласына табиғи ортаны сақтау мен оның ластануына жол бермеудің мынадай мүмкіндіктері белгілі. Олар: ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік беретін қалдықсыз технологияны енгізу; ортаның ластануын барынша азайту; су шығынын едәуір азайтуға мүмкіндік беретін өндірістік суды тазартып, қайта пайдалану; топырақтың ылғал жинауына және ауадағы атмосфералық газдардың тепе-теңдігін сақтауға мүмкіндік беретін орман алқаптарын сақтау және қалпына келтіру; жылу мен энергияны табиғи көздерден өндіру; жаңа технологияны пайдалану, т.б. Адамзат баласы мұндай әдіс-тәсілдерді қолданған жағдайда жер шарының тыныштығы мен байлығын сақтауға мүмкіндік аламыз.

Экологиялық білім беру процесінің негізіне жататын ғылыми танымды экологияландыру маңызды қоғамдық мұқтаждықтардың бірі болып табылады. Мұндай әлеуметтік мұқтаждықты жүзеге асыруына төмендегідей алгоритмді білдіреді:

1. Білім берудің экологиялық-дүниетанымдық жүктемесін күшейту.
2. Жалпы және әлеуметтік экологияның жетістіктері негізінде арнайы курстар ашу.
3. Мектеп жасына дейінгі, бастауыш, орта және жоғары білім беруді экологияландыру.
4. Әлеуметтік тәжірибе мен т. б. салаларда мамандар даярлау.

Экологиялық білімнің ұстанымдары төмендегі мақсаттардың шешімі табылғанда жүзеге асырылады:

- адамның табиғат заңдылықтарына тиімді әсері негізінде анықталатын табиғат туралы негізгі түсініктерді, басты идеялар мен ғылыми деректерді ұғыну,
- табиғат құндылықтары әрбір адамның және қоғамның рухани, материалдық күшінің көзі екенін ұғыну;
- қоршаған ортаның жағдайын бақылау және бағалау барысында білім алуды, шеберлікті меңгеру, оны жетілдіруде шешім қабылдай білу, өз әрекеттерінің салдарын болжау қабілетін жетілдіру;
- табиғатпен қатынас қажеттілігін дамыту, табиғаттың жағымды әсерін ұғыну, әлемнің шынайылығын тани білуді әдептілік-эстетикалық мазасызданумен (переживания) біріктіре білу;
- табиғат аясына шыққанда саналы түрде қоршаған ортаны бұзуға немесе ластандыруға, табиғатқа зиян келтіруге жол бермейтін әдеп ережелерін сақтау;
- қоршаған ортаны жақсарту жұмыстарында белсенділік таныту, жаңа заман талаптарының табиғатты қорғауға арналған насихат жұмыстарына қатысу.

Тұлғаның экологиялық білімділігінің ең маңызды критерийінің біріне тұлғада «адам – қоғам – табиғат» жүйесінің жұмыс істеуінің ерекшеліктері

саласындағы білімнің болуы, сондай-ақ дағдылар, шеберліктер, әдеттер, табиғатты қорғау қызметіне қатысу және өткізу жатады.

Экологиялық-құқықтық мәдениетті қалыптастыру процесінде бірқатар қызметтер атқарылуы тиіс, олардың ішіндегі маңыздыларына:

- тікелей экологиялық-құқықтық мәдениет қалыптастырушылық (қоршаған табиғи ортаның қызметінің заңдары туралы);
- дүниетанымдық (экологиялық-құқықтық дүниетанымның қалыптасуы);
- гуманистік (табиғатқа адамгершілік-этикалық қатынастарды қалыптастыру);
- тәрбиелеушілік (тұлғаның әлеуметтік қасиеттерінің қалыптасуына қоғамдық қатынастардың табиғатпен меңгеруі негізінде);
- нормативтік;
- ақпараттық (табиғатты қорғау қызметінің тәжірибесін халықтың кең жіктеріне беру, меңгеру және талдау).

Осы мақсатқа қолжеткізудегі басты рөлді тұлғаның экологиялық-құқықтық санасының дамуы атқарады. Оған экологиялық заңдардың мәнін сезіну; «адам-табиғат – қоғам» жүйесіндегі қайшылықтардың себебін түсіну, табиғи және әлеуметтік заңдардың сәйкессіздіктерінің себептерін сезіну; жаһандық экологиялық апаттар мен жергілікті экологиялық дағдарыстардың қауіптілігін сезіну; мақұлданған қызметтің адамгершілік тәсілін таңдау, ол адамгершілік экологиялық императивпен келісіледі, өзін-өзі тану мен өзіне және қоршаған дүниеге өзінің бір бөлігі ретінде қарау жатады. Егерде өзін сақтау үшін адам табиғатты сақтауы тиіс болса, ал табиғатты қорғау үшін ол өзін дамытуы тиіс.

Жоғары оқу орындарында экологиялық-құқықтық мәдениет деңгейін көтеруге баса назар аудару қажет, атап айтқанда факультетаралық кафедралар немесе экологиялық-құқықтық білім беру орталықтарын құрып, олар өздеріне экологиялық-құқықтық мәдениетті қалыптастыру формаларын дамыту мен шеңберін кеңейтуде үйлестіруші рөлді алады.

Сонымен, экологиялық білім беру құқықтық, индустриалды немесе менеджерлік мағынасы бойынша экологиялық төңкерістің басты қозғаушы күші болуы тиіс. Бұл кезде шешуші рөлді инновациялық, тәрбиелік және білім беру технологиялары атқаруы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауы. 17 қаңтар. Астана, 2014.
- 2 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1993. –83 б.
- 3 Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан мемлекеті мен құқығының негіздері. Өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 2-ші басылым. –Алматы, 1998. – 168 б.
- 4 Аюпова З.К. Концепция правового государства (история, теория и практика): автореф. ... к.ю.н. –Алматы, 1992. -24 с.

5 Бейсебаева С.Б. Жастардың құқықтық мәдениеті: заң ғыл. кан. ... автореф. – Алматы, 2004. – 26 б.

6 Зиманов С.З. Қазақтың ата заңдары және оның бастаулары // Қазақтың ата заңдары. – Алматы: Жеті Жарғы, 2001. – Т. 1. – 440 б

РЕЗЮМЕ

В данной статье докладываются педагогические условия формирования экологически-правовой культуры учебно-воспитательного процесса будущих юристов

SUMMARY

In this article pedagogical conditions of formation of ecological and legal culture are reported teaching and educational process of future lawyers

ӘӨЖ: 13:34, 08:[37;03:]502+34

БОЛАШАҚ ЗАҢГЕРЛЕРДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Молдалиев М.С. – п.ғ.к., доцент, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы

Жамшаева Ж.Т. – Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистр оқытушысы

Андатпа

Бұл мақалада болашақ заңгерлердің экологиялық-құқықтық мәдениетін оқу-тәрбие үдерісінде қалыптастырудың педагогикалық шарттары туралы баяндалады.

Кілт сөздер: оқу-тәрбие үдерісі, педагогикалық шарттары, болашақ заңгер, экологиялық-құқықтық мәдениет, үрдіс, білім, инновация, ғылыми негізі, эллектив, принцип.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев мемлекеттің болашақ дамуына арналған «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында жоғары білімнің сапалылығы мен жаһандануы арқылы мәдениет жасаушылық, интеграциялық рөлге ерекше мән берген болатын [15]. Осыған байланысты елімізде жоғары білім беру саласы соңғы жылдары өзгерістерге ұшырап, жаңа бағыт іздеу жолында.

Қазақстанда демократиялық, құқықтық, әлеуметтік және зайырлы

мемлекет құруда болашақ заңгерлерді кәсіби даярлаудың алатын орны ерекше.

Тарихта әрбір қоғамдық дәуір өзіне тән саяси экономикалық, рухани әлеуметтік мәдениет деңгейін бастан кешіргені мәлім. Осыған байланысты білім, сана, әлеуметтік көзқарас, адамгершілік пен өнеге мәселелері үнемі басты назарда болып, дамып отырды. Дәуір тынысы жаңа қоғамдық қатынастар арнасында реформалық сипатта болғанымен, ескі мен жаңаның үйлесімін, бірізділігі мен сәйкестігін талап етеді.

Болашақ заңгерлердің экологиялық-құқықтық мәдениетін оқу-тәрбие үдерісінде қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтау педагогикалық заңдылықтар мен педагогикалық принциптерді талдаудан туындайды. Педагогикалық заңдылықтар, *біріншіден*, оқытудың қоғамның мұқтажына, қажеттілігіне және жағдайына байланысты, *екіншіден*, оқытудың, білім берудің және дамудың өзара байланысына; *үшіншіден*, оқу үдерісінің міндеттері, мазмұны, формалары және әдістерінің өзара байланысына қатысты болып келеді. Бұл заңдылықтар педагогикалық принциптерді ажыратуға негіз болады. Педагогикалық принциптер бірінен кейін екіншісі орындалатындай реттілікте немесе тізбектілікте жүзеге аспайды, ол бір кешенді түрде орындалады. Педагогикалық принциптердің мақсаттылық және ғылымилық, жүйелілік және бірізділік, саналылық пен белсенділік, педагогикалық үрдістің бағыттылық принципі, пәндердің өзара байланыс принципі деген түрлері белгілі. Принциптердің негізгісін немесе қосалқысын ажыратуға болмайды, дегенмен, олардың арасындағы пәнаралық байланыс принципіне басымдық беру арқылы біз алға қойған мақсатты шешудің тиімді жолын қарастырамыз.

Болашақ заңгерлердің экологиялық-құқықтық мәдениетін қалыптастыру мақсатында ұсынылған элективті курс пен компьютерлік технологияны жеткілікті дәрежеде меңгеру үшін педагогика, экология, экология құқығы, экологиялық қауіпсіздік пәндерінің мазмұнына толықтырулар енгізілуі керек. Ал педагогикалық шарттарды ішкі байланысына сүйене отырып белгілі бір реттілікте келтірдік, себебі, жүйелі түрде ұсынылған оқу материалы негізінде ғана қажетті экологиялық-құқықтық мәдениет қалыптасады.

Педагогикалық шарт оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға бағытталады. Осы уақытқа дейін оқу-тәрбие үдерісі «оқытушы – оқулық - білім алушы» үшбұрышымен сипатталса, қазіргі білім парадигмасының өзгеруі «оқытушы–оқулық–компьютер–білім алушы» қатынастарының объектілі-субъектілі, субъектілі-объектілі байланысына негіз болуда. Өйткені, білім берудің көптеген мәселелері ақпараттық және коммуникациялық технологиялармен (оқытушының кәсіби деңгейін жоғарылату, заманауи білім беру технологияларын меңгеру, «өмір бойы білім алу» принципінің пайда болуы) тікелей байланысты болып отыр. Сондықтан бүгінгі таңдағы мамандардың заманауи технологияларды білмеуі немесе үстірт деңгейде білуі шешімін неғұрлым жылдам табуға тиісті мәселенің бірі. Мамандардың, оқытушылардың біліктілігін жоғарылату, сонымен бірге болашақ әрбір пән оқытушысын заманауи технологияларды пайдалануға дайындаудың мәні зор

әрі шешімін қазір табуға тиіс. Оқытушыларды білім берудегі ақпараттандыру процесіне тарту педагогикалық ұжым құзырлығына қойылатын талап секілді жылдам қарқынмен өсіп келе жатқан жоқ. Сонда да «қазіргі заманауи технологияларды оқу үдерісіне енгізу неге баяу жүруде», «мамандардың заманауи технологияларды өзінің кәсіби қызметінде қолдануы немесе пайдаланбауы немен байланысты», «оларға қандай мотивтер мен қажеттіліктер әсер етеді», «заманауи технологияларды қолдануға болашақ заңгерлерді даярлаудың тиімділігін жоғарылату үшін қандай мәселелерді шешу керек» деген сияқты сұрақтар білім парадигмасының өзгеруіне байланысты заңды түрде туындап отыр.

Зерттеліп отырған мәселе бойынша ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында болашақ заңгерлердің экологиялық-құқықтық мәдениетін оқу-тәрбие үдерісінде қалыптастырудың педагогикалық шарттарының жетекші идеясы және зерттеуіміздің әдіснамалық негізі ретінде пәнаралық байланыстар принципі таңдалынып алынды.


Болашақ заңгерлердің экологиялық-құқықтық мәдениетін оқу-тәрбие үдерісінде қалыптастыру келесі **педагогикалық шарттарды** қамтиды:

- құқықтану мамандығы бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын талдау;
- оқытушыларға арналған «Экологиялық қауіпсіздікті іске асыру жолдары» атты арнайы семинар;
- экология және тұрақты даму, ҚР экологиялық құқығы арнайы пәндеріне қосымша тақырыптар ұсыну;
- *Экология және тұрақты даму, ҚР экология құқығы* арнайы курсы, сонымен бірге экологиялық қауіпсіздік сияқты таңдау курстары;
- «Экологиялық қауіпсіздік» оқу-әдістемелік құралы, экологиялық қауіпсіздік таңдау курсын оқыту әдістемесіне байланысты ақпараттық-дидактикалық кешен.

Жоғарыда келтірілген экологиялық кәсіби пәндер арқылы болашақ заңгерлердің экологиялық-құқықтық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын біртұтас жүйеге келтіру үшін, оларды бірін-бірі толықтыратын, өзара тәуелділікте қарастырдық. Әрбір шарттың өзіндік орны болғандықтан, бұл жүйеде өзіндік міндет атқарады, шарттар жүйесінің мазмұны да, формалары да өзіндік дербестікке ие (сурет 1).

Бірінші педагогикалық шарт - құқықтану мамандығы бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын талдау.

Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін Отандық ғалымдар құқықтану мамандығы бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жасау мүмкіндігіне ие болды. Еліміз егемендік алғаннан бері болашақ құқық саласы мамандарын кәсіби даярлау мамандығы бойынша төрт стандарт жасалды.



Сурет 1- Болашақ заңгерлердің экологиялық – құқықтық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары

Алғашқы екі стандартқа сәйкес осы мамандықтың түлектеріне заңгер біліктілігі, ал үшінші стандарт бойынша:

- жоғары базалық білім алған және қорытынды аттестаттаудан табысты өткен түлекке «бакалавр – заңгер» біліктілік және академиялық дәреже беріледі;

- жоғары арнаулы білім алған және қорытынды аттестаттаудан табысты өткен түлекке «маман – заңгер» біліктілігі беріледі;

- жоғары кәсіптік білімі бар және қорытынды аттестаттаудан табысты

өткен түлекке біліктілік пен «магистр – заңгер» академиялық дәрежесі беріледі.

Ал соңғы стандарт бойынша «Заңтанудың бакалавры» біліктілігі беріледі.

Стандарттарға жасалынған талдау оқу пәндеріне бөлінетін сағат санының жылдан-жылға кеміп бара жатқанын аңғартты. Мәселен, 1996 жылмен 2001 жылғы стандарттарды салыстырғанда, сағат саны 3 %-ға, 2001 жылғы мен 2004 жылғы стандарттарды салыстырғанда, сағат саны 16 %-ға, ал алғашқы мен соңғы стандарттарды салыстырғанда, сағат саны 19 %-ға кеміген. Сонымен бірге жалпы кәсіби пәндер (базалық) мен арнайы пәндерге де бөлінген сағат саны кеміп, тіпті соңғы стандартта пәндер санының азаюы байқалады. Әрине, бұл қазіргі кезде ақпараттың көбеюіне сәйкес студенттердің өз бетімен білімін жетілдірумен де байланысты, мұнда ақпараттық технологиялар ерекше мәнге ие болады.

050301-Құқықтану мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында құқықтану бакалаврының: қазіргі заманғы экологиялық мәселелер, ғаламдық білім негіздеріне қол жеткізу, салауатты өмір салты туралы түсінігі болуы тиіс екендігі аталған. Сонымен қатар, оқу пәндерінің негізгі циклдары бойынша білімділік деңгейіне қойылатын талаптардың бірі ретінде экологиялық құқық негіздерін білуі тиіс екендігі белгіленген.

Екінші педагогикалық шарт – экологиялық тәрбие, экологиялық құқықтық-мәдениет ұғымдарын сипаттау.

Г.Осипов өз ғылыми еңбектерінде экологиялық тәрбие мен ағарту ісінде табиғатты қорғаудың құқықтық негіздері мен табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың рөлі орасан зор екендігін атап өтті. Экологиялық мәдениет пен табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың табиғатты қорғау заңдары саласындағы білім деңгейін үздіксіз арттыру мен терең меңгерудің міндеттерін шешуде айтарлықтай маңызы зор. Одан әрі табиғатты қорғау заңдылықтарын құрметтеу мен оны сөзсіз қадағалау және бұларды басқалардан да талап етуге тәрбиелеу міндеттері тұр. Ең соңында - табиғатты қорғау ісінде белсенді өмірлік бағытты ұстану ішкі сенімдері мен оған ұмтылуды қалыптастыру міндеттері, қатаң заң жүзінде және заңдылықтар негізінде әрекет ету, заңдылық пен құқықтық тәртіпті орнықтыру міндеті тұр [2].

А.Е.Манкеш өз ғылыми еңбектерінде “Экологиялық тәрбие – адамгершілік қасиеттері мен дүниеге көзқарасты қалыптастыру, табиғатты қорғауға, оның байлықтарын көбейтуге бар ынтасын салу, өз үлесін қосу мүддесін дамыту” деп анықтама берген [3].

Б.Г.Иоганзеннің пікіріне сүйенсек, “экологиялық мәдениет жан-жақты дамыған, адамның қоғамға, табиғатқа тәуелділігін, табиғатты қорғау және жақсарту қажеттігін түсінетін, қоршаған ортаның сұлулығын бағалай білетін, өз замандастарының және келер ұрпақтың алдында табиғаттың жай-күйі үшін азаматтық жауапкершілігін сезінетін жеке тұлғаны қалыптастыруды көздейді”. [4].

Ғалым-педагогтар мен ғалым-әдіскерлер экологиялық білім мен тәрбие берудің мәніне тоқталғанда, табиғатпен саналы қарым-қатынас жасап, табиғи байлықты ұқыпты пайдаланатын, елін-жерін, Отанын сүйетін болашақ ұрпақты, адамгершілікті-эстетикалық, эмоциялық-моральдық, ұлтжандылық тұрғыдан тәрбиелеуді мақсат етеді.

Экологиялық тәрбиенің әдіснамалық негізі ретінде Д.Ж.Маркович өзінің “Әлеуметтік экология” атты кітабында бес фазаны анықтап көрсетеді: “*бірінші* - әлем материалдық дүние, ол байланыстар мен өзара байланыстардың күрделі жүйесі іспеттес, сондықтан оның элементтерінің өзгеруі бір-бірімен тығыз байланысты; *екінші* – табиғатты қорғау, сайып келгенде, өзара қарым-қатынас пен әрекеттерде заң қолдану; *үшінші* – адам мен қоғам тірі табиғаттың дамуының нәтижесі, сондықтан оларды табиғаттан бөліп қарауға болмайды; *төртінші* – биосферадағы адам мен қоғам үшін зиянды өзгерістер ғылыми-техникалық прогрестің себебінен емес, қоғам мен табиғаттың өзара әсерін реттеу шараларының жеткіліксіздігінен немесе жоқтығынан туындайды; *бесінші* – қоғамның даму қарқынына табиғат әсер етеді, алайда қоғамдық қатынастардың сипатына табиғат әрекет жасамайды” [5].

Экологиялық-құқықтық мәдениеттің мақсатына - экологиялық-құқықтық мәдениеттің бастауын қалыптастыру – яғни тұлғаның жалпы орта экологиялық білім беру тұжырымдамасымен сәкес келуші тұлғаның базистік компоненттері және адамзаттың табиғатпен оның дамуы мен тірішілік етуін қамтаамсыз ететін өзара әрекет етуінің тәжірибелік және рухани тәжірибесінің жиынтығын сәтті игеру жатады.

Мәдениет жалпыға ортақ ұғымда адамзаттың материалдық және рухани еңбек өнімдеріндегі, әлеуметтік нормалар мен мекемелер жүйесіндегі, рухани құндылықтардағы, адамдардың табиғатпен, өзара және өзімен қарым-қатынастарында көрініс алған тіршілік әрекетін ұйымдастыру мен дамытудың өзіндік әрекеті ретінде сипатталады.

Мәдениет жалпыға ортақ әлеуметтік құбылыс ретінде қоғам мен адамның өмір сүру салты болып та анықтала алады. Осы тұрғыдан тәрбиет адамзат өмірінің ең маңызды компоненті мен оның дамуы деңгейінің көрсеткіштері болып саналады. Дәстүрлі тұрғыда тәрбие табиғат құбылыстарына қарама-қарсы қойып, салыстырылуы арқылы анықталған. Дейтұрғанмен қоғамның дамуы процесінде мәдениет пен табиғат құбылыстарының өзара кірігуі мен өзара байланыстылығы күшейе түседі.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауы. 17 қаңтар. Астана, 2014.

2 Осипов Г.И. Вопросы совершенствования законодательства в сфере экологии // Криминологические и правовые проблемы обеспечения экологической безопасности. –М., 2002. –С. 54-61.

3 Манкеш А.Е., Байгушикова Г.М. Окружающий мир. Экология: хрестоматия. – Алматы, 2008. – 40 с.

4 Иоганзен Б. Г., Лаптев И. П., Львов Ю. А. Экология, биоценология и охрана природы (очерки). – Томск: Изд-во 1 том. гос. ун-та, 1979. – 256 с.

5 Маркович Д.Ж. //Социальная экология: Монография//. - М.: РУДН, 1997. – 436 с.

РЕЗЮМЕ

В данной статье докладываются педагогические условия формирования экологически-правовой культуры учебно-воспитательного процесса будущих юристов

SUMMARY

In this article are reported pedagogical conditions of the environmental and legal culture of the educational process of future lawyers

ӘӨЖ:37.013

САЛЫСТЫРМАЛЫ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ БҮГІНГІ МҮМКІНДІКТЕРІ

Токкулова Г. – п.ғ.к., доцент, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы

Ошантаева Н. – Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистранты

Андатпа

Бұл мақалада салыстырмалы педагогиканың қалыптасу және даму тарихының бүгінгі мүмкіндіктері қарастырылады. Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы, ғылыми білімнің саласы ретіндегі салыстырмалы педагогиканың ерекшелігі - оның пәнаралық сипатының болатындығы басты назарға алынған.

Кілт сөздер: декларация, салыстырмалы, даму тарихы, болжау, пәнаралық сипат, білім, мемлекет, жүйе, маман, қажеттілік.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2014 жылдың 17 қаңтары күнгі Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында: «Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті. Қазақ елі өткен 22 жылда қыруар іс тындырды. Біз үлгілі дамудың

